


Аманжол Әлтай

# Ақ жол

1 2010  
21 955к



**Аманжол ЭЛТАЙ**

# **АҚ ЖОЛ**

**Өлеңдер, айтыстар**

**Алматы,  
1997**

ББК 84 Қаз7-5

Ә 49

ӘЛТАЙ А

Ә 49 АҚ ЖОЛ: Өлеңдер, Айтыстар жинағы  
Алматы, 1997

ISBN 9965-438-00-5

Республикалық, халықаралық айтыстардың жеңімпазы, халқымызға кеңінен танымал айтулы айтыс ақыны Аманжол Әлтайдың тұңрыш жинағына бір топ лирикалық өлеңдері мен айтыстары енгізіліп отыр. Ақынның бұл кітабы оқырмандар тараپынан зор ілтишатқа ие боларына сеніміміз мол.

4702250202 - 01

ББК 84 Қаз 7-5

Ә

00 (05) 97

ISBN 9965-438-00-5

© Аманжол  
ӘЛТАЙ, 1997

## *Сәт сапар*

Құрметті оқырман! Алдыңызда жатқан кітап Республикаға белгілі айтулы ақын Еліміздің және Халықаралық ақындар айтысының бірнеше дүркін жеңімпазы Нәм жүлдегері Аманжол Әлтаевтың тұңғыш жинағы. Жинақ бірнеше арнау және лирикалық өлеңдермен басталады. Бұл өлеңдерде айтқыштық екпін, суырып салмалық толқын айқын сезіліп тұрады. Дегенмен, ақындық шаттық сәт, шығармашылық шырқау Аманжолдың айтыс өлеңдерінде шалқу шегіне жетіп жатады. Айтыс, суырып салмашылық Аманжол ақынның стихиясы. Оның Қазақстанға аса белгілі ақындар Әселханмен, Куанышпен, Айтакынмен айтыстары соның жарқын дәлелі болып табылады.

Айтыс өлеңдерінде Аманжол биік парасаттылық, өрелі білімдарлық тарихи саналылырын жақсы көрсете біледі және суырып салмалық, өнердің қыры-сырына қанықтығына күштеседі. Жас ақынның халқымыздың аса биік айтыс өнерін жақсы игеруі оның болашағынан көп үміт күттіреді.

Академик-жазушылар М.Әуезов пен С.Мұқанов зерттеулерінде іргелі зерделенгендей айтыс өнері біздің халқымыздың өзіне тән хас ерекшелігі және әлемдік әдебиетке қосқан ерен

шығармашылық үлесі екенінде дау жоқ. Сондықтан да, Аманжол айтыс ақыны ретінде еліміздің айтулы ақындарының алғашқы легінде болуы көңілге қуаныш ұялатады. Көне дәуірден үзілмей келе жатқан ғажайып дәстүріміздің сәтті жалғастырушысы болатынына сенім орнықтырады. Жалпы, Аманжол елдің егемендігі жөнінде жыр толғағанда ерекше шабытқа бөленіп сөз маржанын, сезім жақутын мейлінше шебер тізіп, жыр ағынын аямай төгіп жібереді. Аманжолдың айтыс өлеңдерін оқып отыргандағы тағы бір байқағаным - оның тек суырыпсалма айтыс ақындарының дәстүрін, шеберлігін игеріп қана қоймай өйгілі жазба ақындардың шығармашылығымен де жете таныс екендігі. Әсіресе, Магжан, Сәкен сарындары оның өлеңдеріне өзінің ғажап сөулелерін түсіріп тұрганы айқын байқалып тұрады.

Сәкеннен Ақселеуге шейінгі ақын-жазушылар, Сары Тоқадан, Дайрабайдан Мұхамеджанра шейінгі күйшілер, Шоңының Ахметжаны, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеуханов пен Жақсыкелді Кемаловқа шейінгі ғажайып үнді әншілер дүниеге келген киелі топырақта туып өскен сол топырақтың киесі дарыған ақындық арыны мен әншілік сазы жарасқан, парасаты мен мейірбан келбеті келіскең, салдық пен серілік табирагатына біткен жас өркен, жақсы ақын Аманжол ініме жарқын болашақ тілеймін.

Ұлттық ғылым Академиясына мүшес-корреспонденті, Профилактикалық медицина Академиясының академигі, профессор Құлқыбаев Фабдолла.



**Жүйріктеге  
ғашықтың**



### "Жүйріктеге ғашықтын "

Арманы таусылған ба ұлан ердің,  
Тізгінің әкел бері Құлагердің!  
Кең Дағамды кесілтіп бір шабайын  
Перезенті болған соң дуалы елдің.

Жеткізбеске жетейін, табысайын,  
Қос тізгінмен мен де бір алысайын.  
Үзенгілес келетін жүйрік болса,  
Шақыр бері, бел буып жарысайын.

Құпиямды өзгелер түсіне ме,  
Бұл ғажаптың білмеймін күші неде?  
Құла түзде шүркырап, аласұрган  
Жүйрік кіред құдай-ау түсіме де.

Додасына өмірдің кір дегендей,  
Жүйріктің де қадірін біл дегендей,  
Маған қараң жануар кісінейді,  
Тоқым салып мені де мін дегендей.

Келбетіне жүйріктің тоя аламын,  
Жігерленіп ерекше бой аламын,  
Тұн ортасы болғанда терге батыш,  
Мен осылай тус көріш оянамын.

Келем әлі арманға асық болып,  
Сақта тәңір журуден жасық болып.  
Тек түсімде ғана емес өңімде де,  
Жүйріктікке етейін ғашық болып.

## Қайрат аға

( Желтоқсан оқиғасының құрбаны, халық қаһарманы  
Қайрат Рысқұлбековтың рұхына )

Белді будың қазағым деп, халқым деп,  
Жоғалмасын ата дәстүр салтым деп.  
Желтоқсанның бетке соғар ызғарын,  
Қызуменен ойламадың салқын деп.

Оталмасын деген оймен орманым  
Үзбек болдың қиянаттың торларын.  
Аскартайдағ ағаларың болғанмен,  
Бірақ, сенің бола алмады қорғаның.

Бұлт көмкөріш алған сөтте аспанды,  
Жасықтары бас сауғалап сақтанды.  
Тексіз өскен атақ, құмар кейбіреу  
Алдыңа әкеп құрды қара қақпанды.  
Бауырымды орга жықтый деп сосын,  
Жоғарыға арын сатып мақтанды.

Кейбіреулер дайын тұрды даттауға,  
Мықтылардың сөзін сөйлең, жақтауға,  
Ал сен болсаң жанталастың жан беріш,  
Өз ұлтыңның тектілігін сақтауға.

Тар түрмеде қинаса да жаныңды,  
Езуінен ағызғанмен қаныңды,  
Қарғыс атқыр қолшоқпардың қаһары  
Бұза алмады сенің таза арынды.

Беркің қалды аз киіліп тозбаған,  
Күйзеледі туып өскен боз даған,  
Еңрекен халқың қалды артында  
Ұлын жоктағ боз інгендей боздаган

Қаймықластан арқаладың ел жүгін,  
Ел де ендеше арқалайды ер жүтін.  
Тарих болып сақталады мәңгілік  
Ұмытылмас сенің өсиет ерлігін!

### Диалог

**Тіл:**

Өгейсімей, ей, қазақтың баласы,  
Бір сөт маған көңіл бөліп қараши.  
Бұрын мені қастерлейтін еді рой  
Қазағымның ақылды мен данасы.

Ғұмырыңың арай таңы атқанда,  
Анашыңың ақ, уызын татқанда,  
Мына мені таныстарған еді рой  
Бесігінде тербетіліп жатқанда.

**Адам:**

Дүниеге ашқан күннен есікті,  
Мен өмірде көрмей өстім бесікті.  
Еркелетіп айтқан әрбір сөздерін  
Анам маған басқа тілде есітті.

Содан бері сол тілде мен сөйлеймін,  
Сол арқылы өркендеймін, гүлдеймін.  
Жалғыз тілдің дәмін таттым жасымнан:  
Сендей тілді естігем жоқ, білмеймін.

Сені естісем түсінбеймін, күлемін...  
Сен дегенде жылымайды жүрегім.  
Өгей болып көрінесің сен маған,  
Сондықтан да бола алмайсың тірегім.

**Тіл:**

Маған сенің ұнамай түр күлкің де,  
Қауыз ашар мәнісі бар гүлдің де.

Өгейсің деп кемсіткенмен бәрі бір  
Мендей тірек таба алмайсың білдің бе.

Откеніңе көз жіберсең ірімін,  
Бұл күнде мен мұндылардың бірімін.  
Неге мені менсінбейсің, қазагым,  
Мен бабаңың қасиетті тілімін!

Атаң қазақ, тек менімен сайданған,  
Мен бар кезде көңілдері жайланған.  
Біле білсең әр халықтың тағдыры  
Тіліменен бірге жүрген, байланған.

Мен бар болсам халқың сенің солмайды,  
Тілсіз халық ешқашан да оңбайды.  
Ана тілін білмей өскен, қарағым,  
Бұрын соңды естіп пе едің ондайды.

Ойлан қалқам, аяғынды анық, бас,  
Сені көріп, көңіл қалай тарықлас.  
Ана тілін өгейсініп өскен ұл  
Халқының да қамын ойлап жарытпас.

### Адам:

Мұнды көзбен қарап тұрсың маган да,  
Шыныменен ұқсаймын ба жаманға?  
Тұңцілердей не жазыым бар еді,  
Бір қателік болды ма әлде анамда?!

### Тіл:

Өгей қылып өсірдің деп баланды,  
Мен сен үшін жазғырмаймын анаңды.  
Тоқыраудың торыменен шырмалған  
Кіналаймын мынау мәнсіз заманды.

**Қайдасың, аға ?**

( Ағам Тоқсанның рухна )

Іздеймін сені,

Қайдасың аға, қайдасың ?

Жаныңды сенің жазым қып кеткен қай  
жасын ?Пенде ғұмырын ойынышқ, еткен сүм  
ажал ?

Алдыңды кесіп,

Асырып кетті-ау айласын.

Жабырқап жүрем,

Бір өзің болмай қасымда.

Кектасың ғана

Топырағыңың басында.

Жарығың сөніп,

Қалайша ерте қоштастың.

Арғымақ мініп,

Арман қуатын жасында.

Жауқазын қалды

Қауызын жармай ашылып.

Шырагың қалды

Алаулап жанбай, басылып.

Ғұмырыңың жібін

Ажал пышағы қиганда,

Жиырма екі моншақ

Қай жерде қалды шашылып.

Жалғызбын қазір,

Жыртылды менің жағам да.

Елегізіп көділ,

Өзінді іздең алаңдал

Жарық өмірден

Жаныңды бөлектегенмен,

Рұхың мәңгі сақталып қалды санамда.

## Жиырмасыншы ақпан

(Маркұм ағам Т. Әлтаевқа)

Шыққан сәтінде жастық шақ атты белеске,  
Файып бол кеттің ажал мен болған егесте.  
Мынау жұрт неге тойламай жатыр бұл күнді?  
Жиырмасыншы ақпан мереке күнің емес пе?

Шаттық шаһарын ойрандаған ба жат қайғы?  
Достарың неге ізделеп кеп есік қақпайды.  
Толғатқан күнің мақтанышпенен еске алып,  
Анашың неге жиырма төрт шырақ жақпайды.

Жалғыздық, көріп жабырқау көңіл түр жасып,  
Жұлдызға қарап, сыр айтқым келет ымдасып.  
Шерлі тірліктен меселім қайтып мен бүгін,  
Аспан анаға аңырап тұрмын мұндасып.

Қара жамылған оның да жузі қаралы,  
Тек қана жердің беті емес екен жаралы.  
Аспан ананың боздағы шығар ол да бір,  
Құлдырап әне бір жұлдыз ағып барады.

Бейнет пен ажал жолынды тосса, тасадан,  
Құтылып қайда қашады дейсің бас одан.  
Пендеңе берген шекті ғұмырды сығымдаپ,  
Жерменен көкті жылата берме жасаған.

## Мұнды сезім

Мұнды сезім,  
Сенсіз осал секілді тас қамалым,  
Саған соқпай жырымды бастамадым.  
Қолын созып шаттығым шақырса да,  
Мұнды сезім,  
Мен сені тастамадым.

Мұңды сезім,  
Сен маған серік пе едің?  
Саған бола дүниеге келіп пе едім?  
Сенсіз менің құлғенім, шаттанғаным  
Қарекеті секілді желікпенің.  
Тек шаттықтың желікпей желегіне,  
Мұңды ойдың бойладым тереңіне.  
Қосылмаймын біреуің тілек айтып,  
“Мұңсыз болсын өмірің” дегеніңе.

Шаттық, сезім, ессе де таң самалың,  
Жалғыз сенсің демеймін аңсағаным.  
Саған қалай ашылса кең құшағым,  
Мұңымды да мен солай қарсы аламын.

### Дала

Кең даланың бөлек екен ұраны,  
Жүргімді тербетеді қыр әні.  
Шаһарлардың ат шаптырым көшесі  
Маған кейде тап-тар болып тұрады.

Уа, дала, ұлы ғалам!  
Әр есім!  
Биіктегін қиялымның өресін.  
Зәулім биік гимаратта тұрсам да,  
Аңсап жүрем қоңыр үйдің тәбесін.

Құ тірліктің жетегіне бағынам,  
Сейтіп жүріп, нар далама табынам.  
“Волга” мініп жүрсем-дағы  
Мен мұнда,  
Жорға мінген күндерімді сағынам.

Егер менің білгің келсе шынымды,  
Далама арнап жазғам алғаш жырымды.

Сырға толы сенің мақпал кешінде,  
Сұлу қызға ақтарып ем сырымды.

Бесігімнен қалыптасқан ұлы ұғым,  
Кең далам деп желбірейді тұлымым.  
Бөрілерше жортұылды сүйетін  
Кең даламның еркін өскен ұлымын.

## Шоқ жұлдыз

Тереземнен жымыңдаған жұлдыздар,  
Дүниеде мені ұнатқан бір қыз бар.  
Жастығымның желігімен байқамай,  
Жүргімде содан қалған бір сыз бар.

Нұрландырып отырушы- ең ортамды,  
Еске түссең шер кернейді қолқамды.  
Есінде ме, ұзақ түнде сырласып,  
Таң сәріде белгілеп ек шолпанды.

Содан бері айлар өтті, жыл өтті,  
Жалғыз кезіп жүргендеймін түнекті.  
Әр таң сайын шоқ жұлдыз бен мұндасып,  
Сені ойлаумен ауыртамын жүректі.

Өткеніме күә болған шоқ жұлдыз,  
Айтшы қайда, айтшы маған сол бір қыз?  
Саған ғана мүң шағамын, шоқ жұлдыз,  
Біздер жайлы ойлай ма екен сол бір қыз.

## Шайтанкөл аққуы

Шайтанкөлден аққу көрдім сыңсыған,  
Сол аққуға жетпек болып құлшынам.

Жеткізе алмай жүректегі сезімді,  
Жалын жырга жаным жанып тұншығам.

Сыңсиды аққу көілінде жоқ, құса мұн,  
Сезер ме еken сезім аңшы тұсарын.  
Асау толқын боп тыңдасам құс әнін,  
Ару аққу ашар ма еken құшағын.

Ну қамысты желп еткізсе жел беті,  
Сыбыр қағып сыр айтады көл беті.  
Толқындардан күткендей-ақ, бір хабар,  
Нұрланады ару аққу келбеті.

### Арайлым

Мен сені сағынамын,  
Сызылтып сағыныштың сағым әнін.  
Құпия сезіміңің сайларында,  
Махабbat толқыны боп ағыламын.

Жанарың тұңғиық, бір теңіз дедім,  
Кетпейді көңілімнен лебіздерің.  
Сарылып айлы түнде, ару танда,  
Мен сені сезесің бе, неге ізdedім?

Өшпейді саған деген менде жалын,  
Күдіктің күңкіліне сенбе, жаным!  
Әзірлеп кестеленген орамалды,  
Елендеп жүр екенсің сен де, жаным!

Жеткенде жүрекіңе лағыл әнім,  
Сеземің бақыт оты жағыларын.  
Ұмытып тіршіліктің өзге күйін,  
Арайлым! тек өзінді сағынамын.

\*\*\*

Белін буып бір ұлың тойқа кірді,  
 Кейінгіге салсам деп соқтағымды.  
 Бұралқы иттей қарғыда қыңсыламай,  
 Бөрі болыш қалаймын жортқанымды.

Отым барда алаулап жанып көрем,  
 Кезім барда сыйдырап ағып көрем.  
 Ешкім аяқ, баспаған тың даладан,  
 Мен өзімнің ізімді салып көрем.

Таңба салсам сар дала тастарыңа,  
 Жұлдызымды белгілеп аспанаңа.  
 Жетектегі жасықтар толып жатыр,  
 Мен жетексіз шығайын асқарыма.

\*\*\*

Лұпілдеп соққан жүректен алып қуатты,  
 Үмітім менің көңілімді өр қез уатты.  
 Маужырап келер кәктемім барын сезсем де,  
 Қақырап тұрган ақпанинан күттім шуақты.

Үмітті ұл ем бәрінен күдер үзбедім,  
 Аршысам дедім өткеннің өшкен іздерін.  
 Арайлаап атар таңдарым барын сезсемде,  
 Жұлдызыз қара түндерден сәуле ізdedіm.

Жаңалық тілең құпиясы шексіз ғасырдан,  
 Жұмбақ өмірге жәлігіп өстім жасынан.  
 Тілеуін тілер достарым барын білсем де,  
 Мейірім күттім жұлдызы қарсы қасынан.

Ақиқалашының айтқанын істеп жүгініп,  
 Болашақ өмір сырыңа келем үңіліп.  
 Талпыныш келдім, талпыныш өтсем деп едім.  
 Күндердің күні кетшесем екен туңіліп.

**Бал дәурен**

Асықпа ағалыққа, бауырларым,  
Жастықта бәсендемес дауылдарың.  
Перште жүректердің басын қосқан  
Базарлы тек сендердің ауылдарың.

Еркелеп құшагында ойлы ананың,  
Бал дәурен қызығына тойма, жаным!  
Бір кезде айналады сарынышқа  
Асыр- сап жүгіргенің, ойнағаның.

Тым тәтті жылағаның, күлгендерің,  
Күресіп қос білекті түргендерің.  
Жүр өне агаларды қызықтырып  
Жарысып асау тайға мінгендерің.

Жастықтың ерекше рой ырыс, дәмі,  
Еркелік, бұзықтырың дұрыс бәрі.  
Тұрады күні ертең ыстық болып,  
Ақылмен үлкендердің ұрысқаны.

Мен үшін сол күндердің асқақ, әні,  
Қызықсыз тіршіліктің басқа мәні.  
Алшактап балалықтан кеткен сайын  
Сынға алыш жұмбак, өмір басталады.

Шаттықпен желбіресін тұлымдарың,  
Ақыл деп ұрыныңдар мұның бәрін.  
Асықпа пенделікке перштегер,  
Бал дәурен сендердің, құлындарым!

## Қыранды байрақ

Бері басы, ұраным,  
Берілі менің байрагым  
Берілі байрақ, кетерсе,  
Қозып кетер қайдагым.  
(Сүйінбай Аронұлы )

Алашым! Жұртый! Ордалы қазақ, баласы,  
Сейілгендей ме көңілдің кіrbің, наласы?  
Кек аспанымда кек тәніріме қол бұлғап  
Қыранды байрақ желбіреп түр ғой, қарашы!

Ұранын естіп атадан туған текті ұлдың,  
Күндестер сөзін келмейді бекер кек қылым.  
Сүйінші сұрап сескеніп қалған халқымнан,  
Жасаған ием, мың мәртө тәубе!-деп тұрмын.

Соқса да дауыл шаңырағының шайқаған,  
Жігерің болсын таңданып жауың байқаған.  
Туы түспеген қайсар еді ғой тегіміз,  
Тігілген байрақ құламасыншы қайтадан!

Қалықта!  
Самға!  
Қанатың талмай, қыраным,  
Даусының естіргіт түруде әлем құлағын,  
Түлеген құстың тілеуін тілеп біздер де,  
Жасқанбай тұрып айтайық, алаш ұранын.

Кек байрақ, тіктік үмітті елдің бағы үшін,  
Танысын, білсін жақының менен алысың.  
Қыранды, туды жоғары кекке көтеріп  
Қоздырайыншы айбынды қазақ, намысын.

### Қазыбек би

Әз Қазыбек- ардақтысы алаштың,  
Тірлігінде алты қырдан әрі астың.  
Жарып шығып қараашаның ортасын,  
Хан қасында кеңес беріп жарастың.

Қының сәтте тереңнен сөз тапқаның,  
Торы тайға қомдап тоқым жапқаның,  
Ел - жұрттыңа құт әкелген еді ғой,  
Он үшінде "Қарқабаттап" шапқаның.

Қос иықтан аю шірің ақырып,  
Арқалансаң аруағыңды шақырып,  
Жауларыңың зәре-құтын алыпты-ау,  
Қара жерге жіберердей батырып.

Тұспесін деп жауларыңың орына,  
Ел тізгінін алған едің қолыңа.  
Бар қазақтың ақ үмітін арқалап,  
Қадам бастың жерүйықтың жолына.

Досың түгіл табындырып жатынды,  
Мойындарып өткен едің затынды.  
Келер ұрпақ, журмесе екен өгейісп  
Қасиетті Әз Қазыбек атынды.

### Дала киіктепі

Кеэдері мөлдіреген ақ, бекенді  
Адамның баласынан кем көрмәдім.  
(Сөкен)

Тиспендерші киікке  
Түсірмей мұнды кейіпке.  
Онсыз да тілсіз жануар  
Кенде деймісің куйікке.

Бұзғандай солар көшінді,  
Қанға бектіріп төсінді.  
Перште аңдан алмашы,  
Өзгеде кеткен өшінді.

Қайындаій белі бүтіліп,  
Сая таппайды жүтіріп.  
Үркеді қара көрінсе,  
Пенде біткеннен туңіліп.

Қамшы сирагы саудырап,  
Сұлу мұсіні қалтырап,  
Іздейді сүйеу тірліктен  
Қара көздері жаудырап.

Қайғымен кешін батырып,  
Үреймен таңын атырып,  
Қасқайған кербез текелер  
Өледі оқда атылып.

Жара боп оқтан желкесі,  
Тозақтай болып жер- төсі,  
Жетімсірейді шерленіп  
Сөкеннің сұлу еркесі.

Көбейіп іштен аласы,  
Азғанда адам баласы.  
Кекімбек сүйген жez киік  
Қансырап жатыр, қарашы.

Сен үшін кіммен жаттасам,  
Мұңымды кекке шақпасам.  
Пенденің аяр түрі жоқ,  
Аспанин мекен таппасан.

**Шаттық пен мұң**

Өмір жайлы өзір менің білгенім:  
 Екі әлемге есік ашып кіргенім.  
 Бірі - менің шаттанғаным, құлгенім.  
 Екіншісі - мұңға батып жүргенім.

Алдаспанның екі жағы сияқты  
 Сол екеуі тіршілікті құрапты.  
 Тәңірінен несібесін аларда  
 Пенде өзі осы екеуін сұрапты.

Шаттық, пен мұң жүрегіме түнедің,  
 Екеуіңе мекен болған жүрегім.  
 Мұңданамын, кейде шалқып қулемін,  
 Онсыз өмір сүрмесімді білемін.

**ТУҒАН ЖЕР**

Жүрсемде табан тірең есігінде,  
 Шек болмас тәңір берғен несібімде.  
 Сәбидей тербеттіліп мен келемін  
 Тұган жер құтты мекен бесігімде.

Мен сенің құпияңды ұққандаймын,  
 Шөліркеп самалыңды жұтқандаймын.  
 Басында боз төбенің отырсам да,  
 Жонына Алатаудың шыққандаймын.

Сырым көп саған әлі ашылмаған,  
 Жырым көп жүрегімде щашылмаған.  
 Еркелеп келген сайын сағынышпен  
 Анамдай құшағыңды аш, асыл далам!

## БАЛАМА

Таңғы тамшыдан таңдайға басқан тұнығым,  
Арайлы таңнан еншілеп алған тұлымым.  
Жұмбагы шексіз сынға алған мынау өмірде  
Күдіксіз қарар тілеушім болшы, құлыным.

Әлдиге бөлеп бабамның туган даласын,  
Тұңғышын тербел еміренген аbzал анашың.  
Болашақ, күннің бал дәуренінен бақ, сынап  
Сен де ертең балам ғасырга өрнек саласың.

Әкелік жүтін арқалаттың-ау , арайым,  
Ұшырсам баптаң, кәдеңе сонда жараймын.  
Еркелігімді еркеме тарту етсем де,  
Есейгім келмей, елендеп артқа қараймын.

Өрілген өмір ағады жылжып ақырын,  
Бойыңа өр кез аманат болсын нақылым.  
Дүние кезек саған да айттар кез келер  
"Балам" деп баурап әқемнің айтқан ақылын.

## КӨКТЕМ

Не деген ғажаң арқаның ару көктемі!  
Кеудесін керіп құлпырып жатыр көк белі.  
Жаңбырмен жалғап жер менен аспан арасын  
Қаз бауыр бұлттар керуенін тартты көктегі.

Аруана күннің жылуы қайтпай бесінде,  
Жаңарған тірлік түлеген жердің төсінде.  
Ұядан былтыр балапан болып үшқандар,  
Есейіп еріп келеді құстар көшпінде.

Қуаты қайтып ақпаннан қалған ызгардың,  
Тулайды толқын көбесін сөгіп мұздардың.  
Сыйпайды келіп даламның ерке самалы,  
Алақанындаі сезімі нәзік қыздардың.

Көктем бол келіп өмірдің әрбір өткелі,  
Қызықтырады кереметімен өтпелі.  
Үміті ұзақ, табиғат ана секілді,  
Адамзаттың да шексіз болар ма көктемі...





*Мәредегі*  
**жұлдыз**